

Мәслихаттың 2020 жылғы 13 тамыздағы № 397 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Мендіқара ауданы мәслихатының 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 423 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 желтоқсанда № 9653 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Мендіқара ауданы мәслихатының 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 89 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Мендіқара ауданы мәслихатының 28.12.2023 № 89 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2020 жылғы 13 тамыздағы № 397 шешіміне (2020 жылғы 18 тамызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9380 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

қазақ тіліндегі 7-тармақтың 8) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"8) Заңның 5, 6, 7, 8-баптарында көрсетілген ардагерлерге және басқа да адамдарға, Жеңіс күніне орай, табыстарын есепке алмай, 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.";

қазақ тіліндегі 13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"13. Ай сайынғы әлеуметтік көмекті алу үшін:

осы Қағидалардың 6-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген, бірінші рет өтініш берген адамдар мынадай құжаттармен:

1) жеке басын куәландыратын құжатпен;

2) өтініш берушінің әлеуметтік мэртебесін растайтын құжатпен қоса өтініш береді;

осы Қағидалардың 6-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген адамдар (отбасылар) не заңды өкілдері мынадай құжаттармен:

1) жеке басын куәландыратын құжатпен;

2) адамның иммун тапшылығы вирусы ауруын растайтын құжатпен қоса өтініш береді.";

14-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"14. Өмірлік қызын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе ауыл, ауылдық округтің әкіміне мынадай құжаттармен:

1) жеке басын куәландыратын құжатпен;

2) осы Қағидалардың 6-тармағының 4) тармақшасы екінші абзацында, 7-тармағының 5), 6) тармақшаларында көрсетілген адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтермен;

3) өмірлік қызын жағдайдың туындағанын растайтын актімен және/немесе құжатпен қоса өтініш береді.

Адамның (отбасы мүшелерінің) табысына қарамастан тағайындалатын әлеуметтік көмекті алу үшін адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтер ұсынылмайды.";

15-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"15. Салыстырып тексеру үшін құжаттардың төлнүсқалары ұсынылады, содан кейін құжаттардың төлнүсқалары өтініш берушіге қайтарылады.".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

M. Гизбрехт

Аудандық мәслихаттың хатшысы

K. Арыков